Қоғамдық тыңдаулар

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ **2026 жылғы 14 қаңтар - 27 қаңтар аралығында** жоба бойынша жария талқылаулар арқылы өткізеді - Қарағанды облысындағы Тау-кен жұмыстарының салдарын жою жоспары "Нұра Талды" кен орнының сирек жер кварц-тамыргрейзен жұмыстарын жүргізу салдарын жою жоспары.

Жобалық құжаттама пакетімен https://nbdecology.gov.kz/ бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады жҮне https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтына барлық ескертулер мен ұсыныстар құжаттама https://nbdecology.gov.kz/ бірыңғай экологиялық порталда жарияланғаннан кейін бес күннен кейін қабылданады. Жария талқылаңғау мерзімі өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ. БСН 090240000101; Астана қ, Сығанак к, 17/10 құрылымы. Ж.т. 8-(717) 2559 538, email: d.kaliyev@tks.kz.

Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787, Астана қ., Конаев пр. 14/1-82 тел.8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: Қарағанды қаласы, Лобода қ. 20, эл.мекен-жайы expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. 8721256-81-66.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «НГК «Тау-Кен Самрук» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий ведения горных работ при отработке запасов редкоземельного кварцево-жильно-грейзенового месторождения Нура-Талды» в Карагандинской области.

**В период с 14 января по 27 января 2025 года.**

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://nbdecology.gov.kz/ и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru. Все замечания и предложения принимаются через пять дней после опубликования документации на Едином экологическом портале https://nbdecology.gov.kz/. По истечении срока публичных обсуждений замечания и предложения не принимаются. Инициатор намечаемой деятельности: АО «НГК «Тау-Кен Самрук», БИН: 100 140 012 919, РК, 010000, г Астана, ул. Сығанак, строение 17/10, Тел: 8-(717)2 559 538 e-mail: d.kaliyev@tks.kz. Разработчик: ТОО «КазПрогресс Союз»; БИН: 110240020787, г.Астана, пр.Кунаева 14/1-82 тел 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности при проведении публичных слушаний можно по электронной почте: epravo.info@mail.ru. МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области", по адресу: г. Караганда, ул. Лободы, 20, эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. 8721256-81-66.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ хабарлайды, сағат 15:00-де 00 мин. 2026 жылғы 11 ақпанда Қарағанды облысында Шет ауданы Қошқарбай а., Б Байзаков к 38 (Мәдениет үй) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Нұра Талды кен орнын таукен жұмыстары жоспарына әсер етуге рұқсат алу үшін жобалық құжаттама: рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары, Ықтимал әсерлер туралы есеп, Нұра Талды кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспары.

Әсер ету радиусы- Шет ауданы аумағында (координаттары: ендік 49°5К50Э; бойлық 73°32К11Э).

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда, сондайақ «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін 3 күнге дейін жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекен-жайы: Қарағанды қ, Лобода к, 20 уй, эл. пошта expertiza.upr_krg@mail.ru тел. 8 7212 56 81 66

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн режимінде өткізіледі:

**Сағат 15:00-де 00 мин. 2026 жылы 11 ақпанда**

https://us05web.zoom.us/j/81974136370?pwd=yVklMvSCOKotjyhTpeWnubXacWrmls.1 Конференцияның идентефикаторы ID: 819 7413 6370

Қол жеткізу коды: 8TBevj

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ. БСН 090240000101. Астана қаласы, Сығанак көшесі, 17/10 құрылымы. Ж.т. 8-(717) 2559 538, email: d.kaliyev@tks.kz

Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Конаев пр 14/1-82. тел.8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

«Жобалық құжаттама пакетімен https://nbdecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru «Қоғамдық тыңдаулар» веб-сайтында танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «НГК «Тау-Кен Самрук» сообщает, что в 15 час. 00 мин. 11 февраля 2026 года по адресу: Карагандинская область Шетский район с.Кошкарбай, ул Б.Байзаков 38 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

Проектная документация для получения разрешения на воздействие к Плану горных работ и месторождения Нура Талды: Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами; Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий, Отчет о возможных воздействиях, План горных работ м/р м/р.Нура Талды.

Радиус воздействия - на территории Шетского района (координаты: широта 49°5К50Э; долгота 73°32К11Э).

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования Карагандинской области», по адресу: г. Караганда ул. Лободы, дом 20, эл. адрес expertiza.upr_krg@mail.ru тел. 8 7212 56 81 66.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по ссылке:

**В 15 час.00 мин. 11 февраля 2026 года**

https://us05web.zoom.us/j/81974136370?pwd=yVklMvSCOKotjyhTpeWnubXacWrmls.1 Идентефикатор конференции ID: 819 7413 6370.

Код доступа: 8TBevj

Инициатор намечаемой деятельности: АО НГК «Тау-Кен Самрук».

БИН 090240000101. г.Астана, улица Сығанақ, строение 17/10.

Р.т. 8-(717)2 559 538 email: d.kaliyev@tks.kz.

Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г.Астана, пр.Кунаева 14/1-82. тел 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

"С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале "https://nbdecology.gov.kz/ и сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru в разделе «Общественные слушания».

Имандылық

## ҮШ ҚОНАҚТЫҢ БІРІ ПЕРІШТЕ МА?

Қонағын құт болатынын бүгінгі жастар аса түсіне қоймайды. Ата-бабаларымыз ауылға бөтен кісі келсе әдейі үйіне шақырып, тамағын беріп, тіпті қондырып алатын. Олардың иманы сондай мықты болды, тіпті осы қонақтың үйге берекет алып келетінін білді әрі соған сеніп амал етті. Тіпті қазақта қонаққа қатысты бірнеше мәтел сөздер де қалған.

Пайғамбарымыздың дәуірінде надандық жайлаған заман еді. Ислам келген соң адамдардың пиғылы, ниеті де өзгеріп, көркем мінездік қалыптаса бастаған болатын. Сол сәттерде Алла Тағала біздерге пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) арқылы қонақтың қадірі туралы да біраз жайттарды көрсетіп берді. Қонақты сыйлау, құрмет көрсетуден бөлек тіпті оның ішіп-жер асына аландамауды көрсетті. Оны мына оқиғадан аңғарсақ болады.

Сахабалардың біреуі тым қонақжай болатын. Әйелі болса күйеуінің күнде қонақ ертіп келуін жақтырмайтын. Тіпті оның ашаса:

- Күн сайын бірнеше қонақты ертіп келуіңді қашан қоясың?! - бала-шағаның несібесінен соларға жырып бермесең қайтеді, - деп реніш білдіретін.

Күйеуі оған онша көп мән берместен қонақшыл әдетін тастамайды. Әйелі бір күні шыдай алмай үйдегі жағдайды айтып Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) шағымданды:

Иә, Расулалла! Күйеуім кеш болса үйге топырлатып қонақ ертіп келеді. Бар тап-қанын солардың аузына жайып салады. Құдай бетін ары қылсын, бір күні өзі ауыра қалса қалғанымыз аштан өлерміз деп қорқамын, - дейді.

Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) әлгі әйелдің күйеуін де шақыртты. Әлгі сахаба: Мен үйде қонақсыз отыра алмаймын. Дастарханымнан қонақтың дәм татқаны мен үшін үлкен қуаныш, - деп әйелінің дегеніне көнер болмады.

Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) әйелге қарап бұдан кейінгі уақытқа 1 ақ қонақтың келгеніне қалай қарайтындығын сұрады. Алайда әйел оған разылық танытпады. «Мен балаларымның несібесін кім көргеннің бөле жегеніне қарсымын» деп тұрып алды.

Ақыр соңында күйеуі мен әйелі 1 қонаққа келісіп ымыраласты.

Бірақ сол күні кешке күйеуінің үйге тағы да екі адамды ертіп келгенін көргенде әйелі тағы ашуға мінді. Тамақ әзірлеу үшін ас үйге кірді. Іштен тынып жүріп үш адамдық тамақ әзірлеп күйеуіне берді. Аздан кейін қонақтардың біреуінің сытылып үйден шығып кеткені байқалды. Әзірленген астың біреуі желінбей қалды. Әйел күйеуінен қонақтың біреуі неліктен тамақ ішпестен шығып кеткенін сұрады. Алайда күйеуі екінші қонақтың келгенінен бейхабар болып шықты. Ол таңдана: «Сен қай қонақты айтып тұрсың, мен іште отырған бір-ақ қонақты ертіп келген жоқпын ба?» – деді. Бірақ әйелі анық көрді. Келген екі қонақтың бірі тамақ ішпестен шығып кеткен еді. Әйелі мен күйеуі мәселенің төркінін Пайғамбарымыздан (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) ұқпақ болды.

Екеуін жақсылап тыңдаған пайғамбарымыз болған жайды оларға былай деп түсіндірді:

Иә, негізгі үйге екі кісі келді. Алайда бұлардың біреуі адам бейнесінде келген сол қонақтың рызығы болатын. Алла Тағала әйелге үйге келетін әрбір қонақтың өз рызығымен келетінін көрсету үшін жаңағы көріністі оған әдейі көрсеткен. Әйелдің қонақтарға жеткілікті қылып тамақ әзірлегенімен ол ризық бәрібір ортаймаған болатын.

«Мына жайтты жақсы ұғыңдар! Әр қонақ өз ризығын ала келеді. Ешкім де ешкімнің несібесіне ауыз салмайды. Үйге келген қонақ қайта сол үйдің ризық несібесімен қоса берекетін де арттыра түседі» деді пайғамбарымыз.

Бұдан кейін әйел де өз қателігін түсініп ниетін түзепті.

Пайғамбарымыз Мұхаммед саллалаһу әләйһи уә сәлләм бір өсиетінде: «Кім өзінің қонағына сый-құрмет көрсететін болса, жетпіс пайғамбарға құрмет көрсеткендей болады. Кім қонағына бір дирхам ақшасын жұмсайтын болса, Алла жолында мың дирхам жұмсағандай болады» деген екен.

Қонақ келсе жалғыз атын союдан тайынбайтын қазақты Алланың досы хазреті Ибраһим Халилулламен салыстыруға болады. Ибраһим әләйһис-сәләм қонақсыз дастархан басына отыра алмайтын кісі болған екен. Кісі келмесе өзі іздеп болса да қонақ күткенді жақсы көріпті.

Құранда Ибраһим пайғамбар-ға келген екі періште туралы баяндалған аятта: «Расында елшілеріміз (періштелеріміз) Ибраһимге (а.с) хош хабармен сәлем берді. Ибраһим (а.с) олардың сәлемін алып сонда дереу пісірілген бұзау келтірді». Адам кейпінде келген періштелерді танымай жалғыз бұзауын сойыптастап, олардың алдарына тартқандығы айтылған. Меймандарының ештеңе жемей отырғанын көріп, секемденгенін сезген періштелер, Оған Исмаил атты қадірлі пайғамбар болатын ұлмен сүйіншілеуге келген Алланың хабаршылары екенін жеткізді. Осы аяттан Ибраһим пайғамбардың қонақжайлылығының қандай дәрежеде болғанын байқауға болады.

Пайғамбар Ибраһим келген қонағының кім екендігін, неге келгендігін, ас ішерін не ішпесін сұраған жоқ. Жалғыз малын құрбан етті, барын меймандардың алдына тосты. Бұл да қазақтың діліне жүз пайыз сай мінез емес пе?!

Қазақта «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес» – деген нақыл бар, сондықтан да қонақты тойдыратын, көңілін жай қылатын берген ас-суың ғана емес, кең көңіл, ашық қабақ, жылы шырай асыңның аздығын, төріңнің тарлығын білдіртпейді.

Әр шаңырақ иесі үйдегі өсіп келе жатқан балаларына қонаққа деген құрметті дұрыс мағынада түсіндіріп жеткізсе деймiз. Ризық, несібе мәселесінде осы айтылғандарға бой ұсынса да болады.

**Берік АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
**аудандық "Жанқұтты би" мешітінің бас имамы.**

## Қоғамдық тыңдаулар

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТехАгроСтрой-XXI» ЖШС Қарағанды облысында орналасқан Чажогай учаскесіндегі қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына (2026–2031 жж.) арналған ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Аталған жоспар L-43-13-(10a-5b-20,24,25), L-43-13-(10a-5g-4,5,9,10), L-43-13-(10b-5a-16,21), L-43-13-(10b-5v-1) шифрлы 10 блоктың шегінде орналасқан. Әсер етуі мүмкін аумақ: Қарағанды облысы, Қызылтау ауылы. Географиялық координаттар: 1. 47°37'00" с.е., 72°09'00" ш.б.; 2. 47°37'00" с.е., 72°11'00" ш.б.; 3. 47°34'00" с.е., 72°11'00" ш.б.; 4. 47°34'00" с.е., 72°10'00" ш.б.; 5. 47°33'00" с.е., 72°10'00" ш.б.; 6. 47°33'00" с.е., 72°08'00" ш.б.; 7. 47°36'00" с.е., 72°08'00" ш.б.; 8. 47°36'00" с.е., 72°09'00" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 17 ақпанда сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кәрім Мыңбаев атындағы ауылдық округі, Қызылтау ауылы, ауылдық округ әкімінің аппараты ғимаратында (мекенжайы: Сейфуллин көшесі, 9-үй) өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимде өткізіледі: https://us05web.zoom.us/j/87310097461?pwd=bOPE3gaEeLinavbHaVEPKBnbD884BK.1 Конференция идентификаторы: 873 1009 7461 Қосылу коды: Q3YCeN.

Тапсырыс беруші-инициатор: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 20-үй, 324-кеңсе, пошта индексі 010000, БСН 160640009839, директор - Камбаров Берік Серікұлы.

Жоба құжаттамасы https://ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz сайты арқылы, сондай-ақ, expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушіден алуға болады: «РУДПРОЕКТ» ЖШС, Астана қаласы, Ақарыс көшесі, 37-үй, e-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 8 707 980 35 26.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ТехАгроСтрой-XXI» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке Чажогай, расположенного в пределах 10-ти блоков L-43-13-(10a-5b-20,24,25), L-43-13-(10a-5g-4,5,9,10), L-43-13-(10b-5a-16,21), L-43- 13-(10b-5v-1) в Карагандинской области на 2026-2031 гг». Территория, на которое может быть оказано воздействие: Карагандинская область, с.Кызылтау.

Географические координаты:
1. 47°37'00" С.Ш.72°09'00" В.Д.;
2. 47°37'00" С.Ш.72°11'00" В.Д.;
3. 47°34'00" С.Ш.72°11'00" В.Д.;
4. 47°34'00" С.Ш.72°10'00" В.Д.;
5. 47°33'00" С.Ш.72°10'00" В.Д.;
6. 47°33'00" С.Ш.72°08'00" В.Д.;
7. 47°36'00" С.Ш.72°08'00" В.Д.;
8. 47°36'00" С.Ш.72° 09'00" В.Д.

Слушания состоятся 17.02.2026г. в 15.00ч. по адресу Карагандинская область, Шетский район, сельский округ имени Карим Мынбаева, с.Кызылтау в здании аппарата акима сельского округа по адресу: Сейфуллина дом 9. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/87310097461?pwd=bOPE3gaEeLinavbHaVEPKBnbD884BK.1 Идентификатор конференции: 873 1009 7461 Код доступа: Q3YCeN.

Заказчик-инициатор: город Астана, район Сарыарка, улица Шәймерден Қосшығұлұлы, дом 20, оф. 324, почтовый индекс 010000, БИН 160640009839, директор - Камбаров Берик Серикович.

Документация по проекту размещена на сайте https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

Замечания/предложения принимаются на https://ndbecology.gov.kz , а также электронному по адресу: expertiza.upr_krg@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РУДПРОЕКТ» г.Астана, ул.Акарыс 37, e-mail: rudproject@mail.ru , тел. 87079803526.

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТехАгроСтрой-XXI» ЖШС Қарағанды облысында орналасқан Чажогай учаскесіндегі қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына (2026-2031 жж.) қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Аталған жоспар L-43-13-(10a-5b-20,24,25), L-43-13-(10a-5g-4,5,9,10), L-43-13-(10b-5a-16,21), L-43-13-(10b-5v-1) 10 блок шегінде орналасқан. Әсер етуі мүмкін аумақ: Қарағанды облысы, Қызылтау ауылы.Географиялық координаттар: 1. 47°37'00" С.е. 72°09'00" Ш.б.; 2. 47°37'00" С.е. 72°11'00" Ш.б.; 3. 47°34'00" С.е. 72°11'00" Ш.б.; 4. 47°34'00" С.е. 72°10'00" Ш.б.; 5. 47°33'00" С.е. 72°10'00" Ш.б.; 6. 47°33'00" С.е. 72°08'00" Ш.б.; 7. 47°36'00" С.е. 72°08'00" Ш.б.; 8. 47°36'00" С.е. 72°09'00" Ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 17 ақпанда сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кәрім Мыңбаев атындағы ауылдық округі, Қызылтау ауылы, ауылдық округ әкімінің аппараты ғимаратында (мекенжайы: Сейфуллин көшесі, 9-үй) өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн форматта қолжетімді болады: https://us05web.zoom.us/j/88100485966?pwd= BNhZ9q8pUqRtzMzxYTexkD7YcVXLaj.1 Конференция идентификаторы: 881 0048 5966 Қосылу коды: Q3YCeN.

Тапсырыс беруші-инициатор: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 20-үй, 324-кеңсе, пошта индексі 010000, БСН 160640009839, директор - Қамбаров Берік Серікұлы.

Жоба бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ жергілікті атқарушы органының сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz сайты арқылы, сондай-ақ, expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушіден алуға болады: «РУДПРОЕКТ» ЖШС, Астана қаласы, Ақарыс көшесі, 37-үй, e-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 8 707 980 35 26.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ТехАгроСтрой-XXI» проводит общественные слушания по материалам для получения разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке Чажогай, расположенного в пределах 10-ти блоков L-43-13-(10a-5b-20,24,25), L-43-13-(10a-5g-4,5,9,10), L-43-13-(10b-5a-16,21), L-43- 13-(10b-5v-1) в Карагандинской области на 2026-2031 гг.». Территория, на которое может быть оказано воздействие: Карагандинская область, с. Кызылтау.

Географические координаты:
1. 47°37'00" С.Ш.72°09'00" В.Д.;
2. 47°37'00" С.Ш.72°11'00" В.Д.;
3. 47°34'00" С.Ш.72°11'00" В.Д.;
4. 47°34'00" С.Ш.72°10'00" В.Д.;
5. 47°33'00" С.Ш.72°10'00" В.Д.;
6. 47°33'00" С.Ш.72°08'00" В.Д.;
7. 47°36'00" С.Ш.72°08'00" В.Д.;
8. 47°36'00" С.Ш.72° 09'00" В.Д.

Слушания состоятся **17.02.2026г. в 16.00ч.** по адресу Карагандинская область, Шетский район, сельский округ имени Карим Мынбаева, с.Кызылтау в здании аппарата акима сельского округа по адресу: Сейфуллина дом 9. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/88100485966?pwd= BNhZ9q8pUqRtzMzxYTexkD7YcVXLaj.1 Идентификатор конференции: 881 0048 5966 Код доступа: Q3YCeN.

Заказчик-инициатор: город Астана, район Сарыарка, улица Шәймерден Қосшығұлұлы, дом 20, оф. 324, почтовый индекс 010000, БИН 160640009839, директор - Камбаров Берик Серикович.

Документация по проекту размещена на сайте https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

Замечания/предложения принимаются на https://ndbecology.gov.kz, а также электронному по адресу: expertiza.upr_krg@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РУДПРОЕКТ» г.Астана, ул.Акарыс 37, e-mail: rudproject@mail.ru, тел. 87079803526.

## Еске алу



Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, Ақтоғай ауылының тумасы, ардақты да аяулы батыр Анамыз, сүйікті әжеміз, ақылшымыз, **Секербану АБЗАЛБЕКҚЫЗЫНЫҢ** фәни жалғанға қол бұлғап, қош айтысқанына 35 жылдың жүзі болды.

Ардақты Анамыз елге сыйлы, көпке үлгі болар парасатты жан еді. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, шексіз абырой құшағында болды.

Көкірегіміз шерге толып, қабырғамыз қайысып, өзіңізді бір көруге зар болған көңілсіз күндермен арпалыса, арада қанша уақыттың да өтіп кеткенін байқамай қалдық. Жылдар жылжып өткенімен Сіздің жарқын бейнеңіз жүректен өшкен емес. Әрбір айтқан сөзіңіз жылдармен жаңғырып, санамызда мәңгі ұялап қалды. Ақжарқын, аузын ашса жүрегі көрінетін кеңдігіңізбен есімізде қалдыңыз. Адам бойындағы бар асыл қасиет бойыңызға шақ құйылғандай еді. Туған-туыс ғана емес, жора-жолдастырыңыздың ортасында да ойып тұрып орын алдыңыз. Адамға деген ақ пейліңіз, досқа деген шексіз құрметіңіз, бауырға деген ерекше ілтипатыңызды және өзіңіздің биіктігіңізді көрсете білдіңіз.

Жүрегі мейірімге толы, жүзі жылы, сөзі өнегелі жанның жарқын бейнесі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Иманды болыңыз, жәннатта жаныңыз болсын!

**ҚҰЛСАРЫ әулеті.**

## Білгенгет маржан

# МҮШЕЛ ЖАСТЫҢ МӘНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Дәстүрлі қазақ қоғамында баланың 13 жасқа толуы «алғашқы мүшелі» делінеді, одан кейінгі мүшел жасы әр 12 жыл қайталанған сайын есептеліп отырады.

Астрономия ғылымына сүйенсек, әрбір 12 жылда Юпитер өзінің орбитасын бір рет айналып шығады екен. Сонда адамның мүшел жасы да әрбір он екі жыл сайын кіріп отырады. Мұнда да бір байланыстың бары анық. Бір жылда 12 ай бар. Мүшел 12 жыл уақыт атауы. Адамда 12 мүше бар. Және арғы тегін Алтайдан таратқан Майя тайпасы да 12 санына көп мән беріп, өз күнтізбесін 12.12.2012 мен аяқтайды.«Қазақтың ұлттық ұғымында жас саны мүшелмен есептеледі. Бұл жаста әр адам сақтанып жүреді, алыс-ауыр сапарларға шықпайды. Өйткені адам ағзасында әр 12 жылда үлкен өзгерістер болып тұрады. Әр адамның өз пешенесі жазылғанын білсек, онда адам баласы үшін мүшел жас, өмірінің бастауы һәм маңызды кезеңі болып саналады.

1 - мүшел - 13 жас (ер жете бастау). 13 кіреді - 14 шығады.

2 - мүшел - 25 жас (жігіттік шақ). 25 кіреді - 26 шығады.

3 - мүшел - 37 жас (ақыл тоқтату). 37 кіреді - 38 шығады.

4 - мүшел - 49 жас (орта жас). 49 кіреді - 50 шығады.

5 - мүшел - 61 жас (орта жас). 61 кіреді - 62 шығады.

6 - мүшел - 73 жас (қарттық). 73 кіреді - 74 шығады.

7 - мүшел - 85 жас (кәрілік). 85 кіреді - 86 шығады.

8 - мүшел - 97 жас (қалжырау). 97 кіреді - 98 шығады.

9 - мүшел - 109 жас (шөпшек сүю). 109 кіреді - 110 шығады

10 - мүшел - 121 жас (немене сүю). 121 кіреді - 122 шығады.

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шет шұғыласы газетінің 2025 жылдың 25 желтоқсандағы №51-52 (11196) санында жарияланған шаруа немесе фермер қожалығын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі берілген хабарламада қате жіберілгенін хабарлаймыз.

Хабарламадағы конкурс өткізілетін уақытындағы «2025 жыл» деген сөз «2026 жыл деп оқылсын. Хабарландырудың өзге шарттары өзгеріссіз қалады.

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Сообщаем, что допущена ошибка в объявлении о конкурсе на предоставление права временного возмездного землепользования (аренды) земельных участков сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, а также сельскохозяйственного производства, опубликованном в газете «Шет шугыласы» от 25 декабря 2025 года №51-52 (11196). В уведомлении на время проведения конкурса Слово «2025 год» читать как «2026 год». Иные условия объявления остаются неизменными.